

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою құжаттарын ұсыну тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 6-Ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2010. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 6 қазандағы N 359 қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою жөніндегі құжаттарын ұсыну тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 6-Ө бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) атауындағы "тәртібі туралы нұсқаулық" деген сөздер "Ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 1 - тармақта:

"тәртібі туралы нұсқаулық" деген сөздер "Ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі мәтінге бұл өзгерістің қатысы жоқ;  
тырнақшалар алынып тасталсын;

3) 3-тармақтағы "осы бұйрықпен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе зейнетақы жинақтарын алып қою құжаттарын ұсыну тәртібі туралы нұсқаулықты" деген сөздер "осы бұйрықпен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе зейнетақы жинақтарын алып қою құжаттарын ұсыну ережесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

тырнақшалар алынып тасталсын;

4) Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе

жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою құжаттарын ұсыну тәртібі туралы нұсқаулықтың:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою құжаттарын ұсыну ережесі";

к і р і с п е д е :

бірінші бөлігіндегі "осы Нұсқаулық дайындалған" деген сөздер "осы Ереже дайындалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "Нұсқаулық" деген сөз "Ереже" деген сөзбен ауыстырылсын;

мәтін бойынша "осы Нұсқаулық" деген сөздер "осы Ереже" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

"сенімхат" деген сөздің алдында "нотариалды куәландырылған" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сенімхаттың нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болуы тиіс";

12-тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын;

17 - т а р м а қ т а :

1) тармақша ", соңғы жұмыс орнынан босатылғаны туралы құжаттың көшірмесі, мекен-жайындағы тіркеуден шыққандығы туралы белгісі бар кету парағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) және 3) тармақшаларда "егер де басқасы Қазақстан Республикасының сол мемлекетпен халықаралық келісімдерімен ескерілмесе" деген сөздердің алдында "соңғы жұмыс орнынан босатылғаны туралы құжаттың көшірмесі, мекен-жайындағы тіркеуден шыққандығы туралы белгісі бар кету парағы" деген сөздермен толықтырылсын;

18-тармақтың 1) тармақшасы "не шетелдік азаматтарға кеткен елінде тұрақты тұруы үшін берілетін өзге де құжат" деген сөздермен толықтырылсын;

21-тармақ алынып тасталсын,

23-тармақтағы "берген" деген сөз "тіркелген" деген сөзбен ауыстырылсын;

30-тармақ алынып тасталсын;

31-тармақтағы "берген" деген сөз "тіркелген" деген сөзбен ауыстырылсын;

1, 2, 3, 4 қосымшаларындағы жоғары оң бұрыштағы "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою құжаттарын ұсыну тәртібі туралы нұсқаулыққа" деген сөздер "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе

жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою құжаттарын ұсыну ережесі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу департаменті ( Б а х м у т о в а Е . Л . ) :

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қ о л д а н с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*